

Нусупов Аманжан Максуткановичтың 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Камышинское» ЖШС жағдайында «Ертіс» сүтті типті симментал сиырларының және оның будандарының өнімділігі тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Қазіргі таңда Республикамыздағы азық-түлік тауарлары экспортын 40 пайызға көтеріп, еліміздің 20 миллионнан астам халқын таза сүт және сүт өнімдерімен медициналық нормаларға сай тұтынуын қамтамасыз ету мал шаруашылығының міндетіне кіреді. Отандық және әлемдік тәжірибелерге сүйенетін болсақ, бұл мәселені шешудің бірден-бір жолы мал шаруашылығының өнімдерін жоғарлату, яғни сүтті және сүтті-етті малдардың тұқымдары мен генетикалық потенциалы жоғары малдардың табындарын көбейтуде әртүрлі мал өсірудің тәсілдерін және технологияларын қолдануда.

Солардың бірі будандастыру арқылы сүтті бағыттағы малдардың қанын жаңарту әдісі. Бұл әдіс елімізде 80 жылдардан басталып, жергілікті симментал сиырларының сүт өнімділіктерін көтеру және желіндерінің морфо-функционалдық құрылымдарын жақсарту жолдары болып келеді. Соның нәтижесінде қазіргі таңда Шығыс Қазақстан облысы жағдайында «Камышинское» және «Е.Зайтенов» сияқты ірі шаруа қожалықтарында сүтті бағыттағы қызыл-ала «Ертіс» типі сиырлары пайда болды

Бұл жаңа сүтті бағыттағы қызыл-ала «Ертіс» типі сиырларының физиологиялық жағдайлары мен ұдайы өсу қабілеттілік потенциалы симментал және голштин сиырларына қарағанда экстерьерлік (дене бітімдері) және өсіп-жетілулері, сондай-ақ мықты конституциялық ерекшеліктері байқалады.

Сауым маусымы кезінде сүтті бағыттағы қызыл-ала «Ертіс» типі сиырлары орташа 6000 кг астам сүт береді, ал сауылған сүтінің құрамындағы майының үлесі 4 - 4,2% аралығында болады.

Осы көрсеткіштерді қарастыра келе, сүтті бағыттағы қызыл-ала «Ертіс» типі малдарындағы симментал тұқымының тұқымдық құндылықтарын жоғалтпау мақсатында отандық селекциядағы симменталдармен, ал сүт өнімділіктері сүтті бағыттағы қызыл-ала «Ертіс» типі сиырларынан жоғары болу үшін шетелдік селекциядағы қызыл-ала голштиндермен будандастыру

жұмыстары еліміздегі таза сүт және сүт өнімдеріне деген сұранысты төмендетуде өзекті мәселелердің бірі болып келеді

Диссертациялық зерттеудің мақсаты.

Шығыс Қазақстан облысы жағдайындағы сүтті бағыттағы қызыл-ала «Ертіс» типі сиырлары және оның будандарының өнімділігін анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

- Сүтті бағыттағы қызыл-ала «Ертіс» типі және олардың будан төлдерінің өсіп-жетілулерін анықтау;

- Сүтті бағыттағы қызыл-ала «Ертіс» типі сиырлары және олардың будандарының сүт өнімділіктерін анықтау;

- Сүтті бағыттағы қызыл-ала «Ертіс» типі сиырлары және олардың будандарының дене өлшемдерін анықтау;

- Сүтті бағыттағы қызыл-ала «Ертіс» типі сиырлары және олардың будандарының ұдайы өсу қабілеттіліктерін анықтау;

- Зерттеу жұмысының экономикалық тиімділігін есептеу.

Зерттеудің әдістері.

«Ертіс» типі малдары мен олардың отандық және шетелдік селекциядағы будандарының өнімділік көрсеткіштерін анықтау үшін, бонитер-классификатор рұқсат қағазы негізінде келесі зоотехникалық әдіс-тәсілдер қолданылды.

«Сүтті және қос бағыттағы ірі қара малдарының өнімділік көрсеткіштерін анықтау тәсілдері» мемлекет аралық стандарты және «Сүтті және сүтті-етті малдарын бонитировкалау» нұсқаулығы негізінде: Төлдердің туған кездерінде, 3,6,9,12,18 айлық кездерінде электронды таразының көмегі арқылы тірі салмақтары анықталып, *абсолютті өсу салмақтары; орташа тәуліктік және салыстырмалы салмақ қосулары* формула арқылы есептелді. Төлдерді туған кезде, 6 ай, 12 ай және 18 айда, ал сиырларды сауым маусымының екінші айында таңертеңгі уақытта малдарды азықтандырмай тұрған кезде тегіс, таза және жарық жерде арнайы қондырғыда өлшеуіш таяқпен: *бойының (шоқтығының) биіктігі; тұрқының қиғаш ұзындығы; кеуде тереңдігі мен енділігі; құйымшақ биіктігі; кеуде және жіліниік орамы; сербек аралық енділігі* анықталды. Бұл барлық алынған дене өлшемдерін пайдалана отырып, малдардың дене индекстері есептелінді.

«Сүт сыналасын алу және оларды сынаққа дайындау» мемлекет аралық стандарты негізінде: *тәуліктік орташа сауылған сүттің мөлшері; 305 күндік сауым маусымының нәтижесі; сүттің құрамындағы май мен белоктың пайыздық үлестері* анықталды.

«Сүтті және қос бағыттағы ірі қара малдарының өнімділік көрсеткіштерін анықтау тәсілдері» мемлекет аралық стандарты және «Сүтті бағыттағы малдарының экстерьерін іздік бағалау және дене бітімдеріне қарай жіктеу» нұсқаулығы негізінде: *сауым маусымының қисығы; сиырлардың желіндерінің морфологиялық құрылымдары; желіннің өлшемдері; желін индексі; сүт беру жылдамдығы; алғашқы ұрықтанудағы салмақтары мен жастары; буаздық, суалу және сервис кезеңдерінің мерзімі; ұдайы өсу коэффициенті мен ұрықтану индексі* анықталды.

Н.А. Плохинский әдісі арқылы *зерттеу жұмыстары кезінде алынған барлық мәліметтердің вариациялық статистикасы* - компьютерде Excel бағдарламасында есептелінді.

Негізгі ережелері (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа да тұжырымдар):

- «Ертіс» типі және олардың будан төлдерінің түрлі кезеңдер бойынша абсолютті өсу, орташа тәуліктік және салыстырмалы салмақтарын анықтау;

- «Ертіс» типі және олардың будан төлдерінің кезеңдер бойынша экстерьерлік көрсеткіштерін анықтап, дене индекстерін есептеу;

- «Ертіс» типі және олардың будан сиырларының 305 күндік сауым маусымында орташа сауылған сүт мөлшері және сүттің құрамындағы май мен белоктың пайыздық үлестерін салыстыру;

- Сауым маусымының нәтижесі бойынша сауым маусымының қисығы сызу;

- Сауым маусымының 2-3 айында «Ертіс» типі сиырлары және олардың будандарының желіндерінің морфологиялық құрылымдарын анықтап, сүт беру жылдамдықтарын есептеу;

- Сауын сиырларының бірінші сауым маусымы бойынша экстерьерлік көрсеткіштерін анықтап, тұлға индекстерін есептеу;

- «Ертіс» типі сиырлары және олардың будандарының алғашқы ұрықтану жастары мен салмақтарын, буаздық мерзімдері мен сауым маусымдарының ұзақтығын, сервис және суалу мерзімдерін, алғашқы төлдеу жасы мен төлдеу аралық мерзімдерін, ұдайы өсу коэффициенті мен ұрықтану индексісін анықтау.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипатамалары.

Отандық селекция «Ертіс» типі мен симментал будандарында «Ертіс» типі малдарына қарағанда симментал тұқымды малдарының тұқымдық құндылықтарын нығайтқан, жас төлдердің өсіп-жетілуілері кезеңдер бойынша жоғарлаған, тайыншалардың алғашқы ұрықтану жастары мен тұмса сиырлардың

сервис мерзімдері қысқарған.

Шетелдік селекция «Ертіс» типі мен қызыл-ала голштин будандарында «Ертіс» типі сиырларына қарағанда сауым маусымы кезінде сауылған сүттің көлемін ұлғайтты, сол сиырлардың желіндерінің құрылымдарын одан әрі жақсартып, тайыншалардың алғашқы ұрықтану жастарындағы тірі салмақтарын төмендетті.

Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығының негіздемесі

Алғашқы рет Солтүстік-Шығыс Қазақстан жағдайында «Камышинское» ЖШС «Ертіс» типі малдары және олардың отандық селекциядағы «Ертіс» типі мен симментал және шетелдік селекциядағы «Ертіс» типі мен қызыл-ала голштин будандарының өнімділіктері салыстырмалы түрде зерттелді.

Зерттеу нәтижелері бойынша алынған барлық нәтижелердің вариациялық статистикасы есептелініп, шаруашылыққа экономикалық тиімді жақтары анықталып, шаруашылықта өндіріске енгізілді.

Докторанттың әрбір жариялымды дайындауға қосқан үлесі.

Докторант диссертациялық жұмысты орындау кезінде барлық зоотехникалық іс-шараларға өзі тікелей қатысып, малдардан алынған барлық мәліметтерді әдістемелік нұсқаулықтарға сай орындап, арнайы жазба журналдары мен зоотехникалық құжаттарына толтырып отырған. Алынған мәліметтерді толықтай статистикалық өңдеуден өткізіп, нәтижелерін диссертациялық жұмыстың нәтижелер мен талқылаулар бөлімінде толық ашып көрсеткен.

Докторант зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін, диссертациялық жұмыстарға қойылған әдістемелік нұсқаулыққа сай барлық міндеттерді толық орындай отырып, зерттеу жұмыстың нәтижелері бойынша 10 мақала жариялаған, соның ішінде:

1 мақала: «BIODIVERSITAS, Volume 22, Number 9, September 2021. Pages: 3663-3670, DOI: 10.13057/biodiv/d220908, ISSN: 1412-033X, E-ISSN: 2085-4722» – Scopus деректер базасына енгізілген басылымда;

4 мақала: «Ғылыми журнал «Семей каласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің хабаршысы». – Семей. 2018. №3 (83) 306-309 бет», «Ғылыми журнал «Семей каласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің хабаршысы». – Семей. 2018. №4 (84) 248-252 бет», «Ғылыми журнал «Семей каласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің хабаршысы». – Семей. 2020. №3. (91) 323-326 бет», «Ғылыми журнал «Семей каласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университетінің хабаршысы». –

Семей. 2020. №3. (91) 326-329 бет» – ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған отандық басылымдарда;

5 мақала: «Қысқы Халықаралық мектеп шеңберінде жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жиынтығы.– Алматы: ҚазҰАУ. 2018. 81-83 бет», «С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіндегі Агротехнологиялық факультеттің 10 жылдығына арналған «Инновациялар – ауыл шаруашылығына» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. - Павлодар. 2019. 134-139 бет», «ҚР АӨК-нің қазіргі жағдайы, дамуы, болашағы және жаңғыруы» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының жинағы. - Семей. 2019. 386-390 бет», «Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор Курманбаев Сайпитин Қусметановичтың 80 жылдығына арналған «Аумақтардың инновациялық дамуы жағдайындағы өңірдің әлеуметтік-экономикалық мәселелері және оларды шешу жолдары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Семей. 128-130 бет», «Халықаралық магистрлік жазғы мектеп» аясында өткен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының жинағы. - Алматы: ҚазҰАУ. 2020.351-354 бет» - халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар жинағында (алыс және жақын шет елдерде) жарияланды.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы.

Диссертация кіріспе, симментал малдары жөніндегі әлемдік әдеби дереккөздерге шолу, зерттеу жұмысының әдістемелері және материалдары, нәтижелер мен талқылаулар, қорытындылар, ұсыныстар, пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшалар бөлімдерінен құрылып, 86 бетте компьютерлік мәтінмен берілген, 17 кесте, 16 суреттен тұрады. Қолданылған әдебиет тізімі 143 әдебиет көзінен тұрады, соның ішінде 15 шетел тілінде.